



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

3. Давыдов В. В. О понятии развивающего обучения // Педагогика. 1995. № 1. С. 29—39.
4. [https://studme.org/258967/matematika\\_himiya\\_fizik/problema\\_refleksii\\_pedagogicheskoy\\_nauke](https://studme.org/258967/matematika_himiya_fizik/problema_refleksii_pedagogicheskoy_nauke) - 125 стр.
5. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2020/09/26/priemy-motivatsii-uchenikovobuchayushchihsvya-distantsionno>
6. <https://infourok.ru/rekomendacii-uchashimsya-vo-vremya-epidemii-koronavirusa-4233664.html>
7. <https://www.b17.ru/article/300102/>
8. <https://rg.ru/2020/05/05/uchenye-ocenili-vliianie-pandemii-na-uspevaemost-shkolnikov.html>

ӘОЖ 752.8

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

**Нұрмағамбетова Асылша Қуанышбайқызы,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Қараман орта мектебі»КММ  
Қарасу ауданы

### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі мен әдебиетінде орны бар біртуар ақын, мысалшы, қазақ тілінің реформаторы, демократтық поэзияның негізін қалаушы, аса көрнекті қоғам және мемлекеттік қайраткері.

**Түйінді сөздер:** педагогика, сауат ашу, ана тілі.

### Аннотация

Актуальность и цель Ахмет Байтұрсынұлы-выдающийся общественный и государственный деятель, писатель, реформатор казахского языка, основатель демократической поэзии.

**Ключевые слова:** педагогика, грамотность, родной язык.

### Abstract

Relevance Goal Akhmet Baitursynuly is an outstanding poet, example, reformer of the Kazakh language, founder of Democratic poetry, an outstanding public and statesman who has a place in the Kazakh language and literature.

**Keywords:** pedagogy, literacy, native language.

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық- саяси өзгерістермен қатар, ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан өткерді. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, халық санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Ел зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ол қазақ әдебиеті теориясының негізін қалап, тіл білімінің атасы атанды. Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушы-демократтық бағыттарын жалғастыра білді.

Бұдан бұрын:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,

Сап – сары аяқтары ұзын маса.

...Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша,

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызындаса? –деп, қалың ұйқыдағы халқын ояту ниетімен маса болып ызындап, өлеңмен түртпектеген А. Байтұрсынұлы енді сол кезде шығып тұрған газет-журналдар арқылы оқыту мәселесін көтереді. Ұлы ағартушы өз халқының озық елдермен терезесін тең қылу үшін оқу мәселесін жақсартуға көңіл бөліп, «...әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген тұжырымға келеді.

Ахаң оқыту мәселесін жолға қойып, жас өскіннің санасына сәуле құйып осы арқылы халқының сана сезімін сол заманның өркениетіне сай ілгері жылжыту үшін алдымен мәселенің түп төркініне көз жібере білді. «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі, бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай, түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағандығы оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз. Жүгі ауған көштің жүрісі өнбейді. Орнықты оқу болмай қалт-құлт етіп оқытқан оқу білім үйретіп жарытпайды», - дейді ол «Оқыту жайынан» мақаласында. [1]

А.Байтұрсынұлы Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға өзіндік үн қосып, ықпалын тигізді. Халық ағарту комиссары болып тұрған кезінде ол мемлекетті басқару жүйесін жергіліктендіру, оның жұмысын жергілікті ұлт өкіметінің ана тіліне аудару, ұлттық мектепті жандандыру, төл оқулықтарды дүниеге келтіру, ұлттық кадр санын көбейту, олардың сапасын арттыру, тіл тазалығын сақтау, қазақ халқының бүкіл дүниежүзілік білімді меңгеруін, денсаулық сақтау, әлеуметтік қам-

сыздандыру, тегін білім алу құқығын, мектептердің жаңа типін ашу, дамыта оқытуды жүзеге асыру, бүкіл халықтың сауатын ашу, халықтық тәлім-тәрбиені дәріптеу, соның негізінде болашақ жастарға адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру мәселелерін шешумен айналысты. Сол кездері қазіргі ұлттық педагогиканың асыл мұрасына айналған көптеген төл оқулықтар дүниеге келді. Атап айтсақ, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ана тілін қалай оқыту керек?», Міржақып Дулатовтың «Есеп құралы» I-II бөлім, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Баяншы», бұрынғы кезде басылған қырғыз қиссалары, татар тіліндегі оқулықтар, географиялық карталар, саяси кітапшалар, барлығы 473028 дана Қазан баспасынан жарық көрді [2].

1914 жылы Ахаң «Бастауыш мектеп» деген арнайы мақала жазды. Бұл- білімнің іргетасы балаға осы бастауыштан қаланатыны, ендеше «бала оқыту ісін түзеуді» осы кезден бастап қолға алуды оның ұстаздық түйсігімен сезінуінен туындаған заңды әрекет еді. Сондықтан да А. Байтұрсынов «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек», дей отырып, қатардағы қазақ азаматын, болашақ қлттық маманды даярлау осы бастауыш мектептен басталатынын, ендеше бұл кезде балаға білімнің барлығы ана тілінде берілуі қажеттігін, өйтпеген жағдайда бала білімді де меңгеріп жарытпай, ана тілін де ұмытып, дүбәрә болып қалатынын өте көрегендікпен ажыратып ашып берді [2].

А.Байтұрсынұлы елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мұғалім болып жүріп әбден көзін жеткізеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірін ол 1912 жылы бастап, «Айқап»журналында, 1913 жылы «Қазақ» газетінде білдіреді. Қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын әліпбиден алып тастауды, сөздің жіңішкелігін білдіретін дәйекше деген белгі енгізуді, қазақ тіліндегі төл дыбыстардың әр қайсысына жеке таңба белгілеуді ұсынады. 1912 жылдан бастап ол ұсынған жаңа емле мұсылман медреселері, орыс-қазақ мектептерінде қолданыла бастайды. Сол арқылы Ахмет жаппай сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосады. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Ақын қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тілі білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Ахмет Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. «3»

«Қазақ» газетінің алғашқы шыққан санындағы мақсатнамалық мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазыпты: «Атам заманнан белгілі бір территорияны мекен етіп келе жатқан қазақ халқы өзінше бірегей өмір сүріп келеді, ал енді бүгін біз қазақ даласына келімсектердің селше қаптап келіп жатқанын көріп отырмыз. Біздің болашақ тағдырымыз не болмақшы? Мынаны естен шығармауға болмас. Тәуелсіз, дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады. Орыс мектебі мен татар медреселерінен білім алған қазіргі қазақ зиялылары қазақ тіліне мұрындарын шүйіре қарай бастады. Бұл міне, жаман нышан», деп қазақ тіліне төнген қауіпті сезген еді. Осы сөздердің дұрыс, бұрыстығын уақыт өзі дәлелдеп берген сияқты [4].

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі мен әдебиетінде орны бар біртуар ақын, мысалшы, қазақ тілінің реформаторы, демократтық поэзияның негізін қалаушы, аса көрнекті қоғам және мемлекеттік қайраткері. Қлы ақынға арнап Ж. Әбдірашев:

...Бүгінгі бар қазақтың «Тіл құралы»,  
Тексіздер тәрк етсе де бұл мұраны.

Түбі бір түркі елінің құранындай,

Ұл туар...Ұлы тумас, сірә мұндай! – деген өлең жолдарын арнады.

Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын:»...Ахмет халықтың арын іздеп,өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл».

А.Байтұрсынұлы – ұлт мәдениетінің Хантәңірі. Шың қасына жақындаған сайын биіктей береді. Ендеше, Ахмет Байтұрсынұлы – біз үшін аласармас биік шың.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мектебі» журналы3-бет,1992жыл№
2. «Бастауыш мектеп» журналы 1999, №8-9, 13-бет;
3. С.Қирабаев,Қ. Мырзағалиев «Қазақ әдебиеті» оқулығы, Алматы «Рауан»;
4. «Қазақстан мектебі» журналы № 11,12-1993,73-бет

ӘОЖ 37.022:54

### «ЖҰМБАҚ» ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ МӘНІ МЕН ТИІМДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Орынғалиева Акжибек Ришатқызы,**  
магистрант

**Кунашева Зарипа Хайроллиевна,**  
химия ғылымдарының кандидаты, доцент

**Абдырахман Әсемгүл Қайратқызы,**  
оқытушы, магистр

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты Әр түрлі типтегі және күрделілік деңгейіндегі есептерді шешу арқылы химия курсы тиімді игеруге болады. Қолданыстағы химия оқулықтарында «жұмбақ» есептерді шешудің мысалдары іс жүзінде жоқ немесе олар өте аз мөлшерде берілген. Қосылыстардың молекулалық формулаларын есептеу, оларды шешуге үйрету 9-сыныпта басталады, алайда мектеп оқушыларына үлкен қиындықтар туғызады, бұл тапсырмалар жалпылауды, бұрын қалыптасқан білімді пайдаланбай, тапсырмалардың ерекше түрі ретінде ұсынылатындығымен түсіндіріледі. Мақаланың мақсаты мектептерде және жоғары оқу орындарында білім алушыларға химияны оқытуда «жұмбақ» есептердің рөлін анықтау және оларды тиімді шешу жолдарын көрсету.

**Түйінді сөздер:** химия, «жұмбақ» есептер, мектеп, есептерді шешу, тәсілдер.

#### Аннотация

Актуальность и цель. Курс химии можно эффективно освоить, решая задачи разного типа и уровня сложности. Примеров решения «зашифрованных» задач в существующих учебниках по химии практически нет или их очень мало. Вычисление молекулярных формул соединений, обучение их решению начинается с 9 класса, но представляет большие трудности для школьников, в связи с тем, что эти задачи представляются как задачи особого типа, без использования ранее сформированных знаний. Цель данной статьи выявить роль «зашифрованных» задач в обучении химии учащихся школ и вузов и показать им способы их эффективного решения.

**Ключевые слова:** химия, «зашифрованные» задачи, школа, решение задач, методы.

#### Abstract

Relevance and goal. The course of chemistry can be effectively mastered by solving problems of various types and levels of complexity. There are practically no or very few examples of solving «encrypted» problems in existing chemistry textbooks. Calculation of molecular formulas of compounds, learning to solve them starts from the 9th grade, but it presents great difficulties for schoolchildren, due to the fact that these tasks are presented as tasks of a special type, without using previously formed knowledge. The goal of the article is to identify the role of «encrypted» tasks in teaching chemistry to students of schools and universities and show them ways to effectively solve them.

**Keywords:** chemistry, «encrypted» problems, school, problem solving, methods.